

Зейнетақы активтерінің есебінен Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар сатып алуға рұқсат берудің тәртібі туралы

### ***Күшін жойған***

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының Директораты 2000 жылғы 30 маусым N 634. Қазақстан Республикасы Эділет министрлігінде 2000 жылғы 4 тамызда N 1213 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

### ***Төраға***

*Қазақстан Республикасының*

*Қаржы нарығын және қаржы*

*ұйымдарын реттеу мен қадағалау*

*жөніндегі агенттігі басқармасының*

*2005 жылғы 26 наурыздағы*

*N 117 қаулысына Қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған*

*нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының "Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат беру тәртібі туралы" 2000 жылғы 30-маусымдағы N 634 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1213 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында 2000 жылы жарияланған, N 9)...

**Ескеरту:** Кіріспені қоспағанда, қаулының бүкіл мәтіні бойынша тұрлі септіктегі "Ұлттық комиссия" деген сөздер тиісті септіктегі "Ұлттық Банк" деген сөздермен, "Ұлттық комиссия Директоратының" деген сөздер тиісті септіктегі "Ұлттық Банктің Директорлар кеңесі" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 537 V011742\_ қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының ( бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) 1998 жылғы 13 тамыздағы N 11 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларының 2-тармағының 1-1) тармақшасын және Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың инвестициялық қызметті жүзеге асыру қағидаларының 2-тармағының 1-1) тармақшасын орындау мақсатында Ұлттық комиссияның Директораты ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы Қаулыда қолданылған ұғымдардың мыналарды білдіретіндігі белгіленсін:

1) "Шығарылымның андеррайтері" - тиісті лицензияның негізінде бағалы қағаздаррында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын және муниципальдық облигацияның эмитенті - жергілікті атқарушы органмен жасасқан шарттың негізінде оларды шығаруға және орналастыруға әзірлеуге андеррайтер (қаржы консультанты, муниципальдық облигацияларды шығаруды және орналастыруды әзірлеу жөніндегі менеджер, эмиссиялық синдикаттың басқарушысы) ретінде қатысатын ұйым;

2) "муниципальдық облигациялар" - жергілікті атқарушы органы шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

3) "Заң кеңесшісі" - тиісті лицензияның негізінде адвокаттық қызметпен байланысты емес ақылы заң қызметін көрсететін және муниципальдық облигацияның эмитенті - жергілікті атқарушы органмен немесе Шығарылымның андеррайтерімен жасасқан шарттың негізінде муниципальдық облигациялар шығарылымының мәселелері жөніндегі заң кеңесшісі (заң консультанты) функциясын жүзеге асыратын ұйым.

3-1) Ұлттық Банк - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

**Ескерту:** 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2001 N 537 қаулысымен.

2. Ұлттық банктің Директорлар кеңесі зейнетақы активтерінің есебінен муниципальдық облигациялар сатып алуға рұқсат алу үшін муниципальдық облигацияның эмитенті - жергілікті атқарушы орган немесе Шығарылымның андеррайтері Ұлттық банкке муниципальдық облигациялардың осы шығарылымына қатысты мынадай құжаттарды ұсыну керек екендігі белгіленсін:

1) еркін нысандада жазылған өтініш;

2) осы Қаулының 3 және 4 тармақтарының шарттарына сәйкес келетін муниципальдық облигациялардың инвестициялық меморандумы (бұдан әрі "инвестициялық меморандум" деп аталады);

3) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның мазмұнында муниципальдық облигациялар бойынша маркет-майкер мәртебесін беру туралы шешім бар нормативтік актісінің көшірмесі;

4) қаржыландырылуы үшін муниципальдық облигациялар шығарылған аймақтық инвестициялық бағдарламалардың сипаттамасы (егер осындай сипаттама инвестициялық меморандумға енгізілмесе).

### 3. Инвестициялық меморандумның мазмұнында:

1) жергілікті атқарушы органды муниципальдық облигациялар шығарған әкімшілік-аумақтық бірліктің қаржы-экономикалық жай-күйі туралы толық ақпарат;

2) муниципальдық облигацияның эмитенті - жергілікті атқарушы органдың несиелік тарихының (қарызға алу тарихының) толық сипаттамасы;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, өзге де мемлекеттік орталық органдардың, жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың муниципальдық облигацияларды шығаруға және оларды шығару туралы шешім қабылдауға құқық беретін нормативтік құқықтық актілерінің және өзге де ықтимал құжаттарының көшірмелері;

4) Ұлттық банктің мазмұнында муниципальдық облигациялардың осы шығарылымына ұлттық біріздендіру нөмірін беру туралы шешім бар нормативтік актісінің көшірмесі;

5) жергілікті өкілетті органдың мазмұнында осы әкімшілік-аумақтық бірліктің муниципальдық облигацияларды шығаруға, оларға қызмет көрсетуге және өтеуге байланысты кірістер мен шығыстар енгізілген тиісті кезеңге бюджеті бар бір немесе одан да көп нормативтік құқықтық актілерінің көшірмесі;

6) жергілікті өкілетті органдың муниципальдық облигацияларға қызмет көрсетуге және өтеуге арналған шығыстарды секвестрлеуден қорғауды растайтын нормативтік құқықтық актісінің көшірмесі;

7) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның мазмұнында оның сауда жүйесінде муниципальдық облигацияларды айналысқа жіберу туралы шешім бар нормативтік актісінің көшірмесі;

8) қаржыландырылуы үшін муниципалдық облигациялар шығарылған аймақтық инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруға және/немесе муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы органға қатысты тәуекелдердің толық сипаттамасы;

9) Шығарылымның андеррайтері және Заң қеңесшісі туралы мәліметтер;

10) Заң кеңесшісінің инвестициялық меморандумның және муниципальдық облигацияларды шығаруға байланысты өзге де құжаттардың қолданылып жүрген зандарға және муниципальдық облигациялардың инвестициялық сапасы туралы ақпаратты ашу толықтығына сәйкес келуіне зандық сараптама жасау нәтижелері туралы қорытындысы;

11) өтінушінің (муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы органның немесе Шығарылым андеррайтерінің) пікірінше муниципальдық облигациялардың инвестициялық сапасы және олардың инвестициялық тартымдылығын әлуettі сатып алушылардың бағалауларының объективтілігі туралы ақпаратты жан-жақты ашуға мүмкіндік жасайтын өзге де құжаттардың болу керектігі белгіленсін.

4. Ұлттық банкке ұсынылған инвестициялық меморандумның параптар бойынша нөмірленуі, тігілуі және соңғы параптың сыртына муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы орган және Шығарылым андеррайтері мөрлерінің таңбасы қойылу (жартылай тігістің түйініне желімделген қағаздың жоғарғы жағына, жартылай парапта) керек екендігі белгіленсін.

5. Зейнетақы активтерінің есебінен муниципальдық облигациялар сатып алу мүмкіндігі туралы негізделген шешім қабылдау мақсатында Ұлттық комиссияның осы Қаулының 2-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарға енгізілген мәліметтерді нақтылауға және толықтыруға қажетті қосымша ақпаратты ұсынуды сұрауға құқылы, оның ішінде осындай ақпаратты инвестициялық меморандумға енгізуі талап етуге, екендігі белгіленсін.

6. Осы Қаулының 2-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды Ұлттық комиссияның оларды алған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде қарайтындығы белгіленсін. Осы Қаулының 5-тармағына сәйкес қосымша құжаттар ұсынылған жағдайда аталған қарау мерзімі жаңартылады. <\*>

**Ескерту: 6-тармақ өзгерілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2001 N 537 қаулысымен.**

7. Ұсынылған инвестициялық меморандумның негізінде зейнетақы активтерінің есебінен муниципальдық облигациялар сатып алуға Ұлттық комиссияның рұқсаты берілгендейгін растау үшін:

1) инвестициялық меморандумның сыртқы парагына "Зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға Ұлттық банк Директорлар кеңесі қаулысымен рұқсат етілді " деген жазба енгізіледі, осындай қаулының күні және нөмірі көрсетілетіндігі, Ұлттық Банк Төрағасының қолымен және Ұлттық банктің мөрінің таңбасымен куәландырылатындығы; <\*>

2) инвестициялық меморандумның соңғы парагының сыртына (жартылай тігістің түйініне желімделген қағаздың жоғарғы жағына, жартылай парапта)

Ұлттық комиссияның мөрінің таңбасымен қуәландырылатын Ұлттық Банк Төрағасының қолы қойылатындығы белгіленсін. <\*>

**Ескерту: 7-тармақ өзгертілді - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.12.2001 N 537 қаулысымен.**

8. Осы Қаулының 4 және 7 тармақтарына сәйкес ресімделген муниципальдық облигациялардың инвестициялық меморандумының бір данасының өтінушіге (муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы органға немесе Шығарылым андеррайтерге) берілетіндігі, ал екінші данасының Ұлттық комиссияда қалатындығы белгіленсін.

9. Зейнетакы активтерінің есебінен муниципальдық облигацияларды сатып алуға ұсыныс жасаған кезде және оларды өтегенге дейінгі уақыттың кез келген кейінгі сәтінде муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы органның немесе Шығарылым андеррайтерінің кез келген мүдделі тұлғаға оның бірінші талап етуі бойынша осы Қаулының 4 және 7 тармақтарына сәйкес келетін инвестициялық меморандумның түпнұсқасын немесе нотариалды қуәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті екендігі белгіленсін. Муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы органды немесе Шығарылым андеррайтері осы мүдделі тұлғаға оған инвестициялық меморандумның көшірмесін (типографиялық тәсілмен дайындалған данасын) беруден бас тартуға құқылы емес. Бұл ретте муниципальдық облигациялардың эмитенті - жергілікті атқарушы органның немесе Шығарылым андеррайтері инвестициялық меморандумның көшірмесін (типографиялық тәсілмен дайындалған данасын) бергендігі үшін оны дайындауға кеткен шығындардың мөлшерінен аспайтын мөлшерде ақы алуға құқылы.

10. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

11. Ұлттық банк орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның, бағалы қағаздаррындық кәсіпкөй қатысуышыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып) және "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігінің назарына жеткізсін.

12. Ұлттық банк орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасының зейнетакыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетакы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол қүшіне енгізілгеннен кейін) зейнетақы активтерінің есебінен муниципальдық облигациялар сатып алу үшін Ұлттық комиссияның рұқсатын алуға ниет білдірген муниципальдық облигацияның эмитенті - жергілікті атқарушы органдардың немесе Шығарылым андеррайтерлерінің назарына жеткізсін;

3) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК